

**НЫСАНБАЕВ Ә.,**  
ҚР ҰҒА академигі,  
**А.ТАЙЖАНОВ,** профессор

## **ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВ ЖАПОН ИЕРОГЛИФІН НЕ ҮШІН ҮЙРЕНГЕН?**

Құдайберген Жұбанов ғылымға бейімділігін ерте аңғартумен қатар, әдебиет және көркемөнер мәселелерімен де шұғылданды. Оны халқының саяси-әлеуметтік жағдайы, рухани дүниесі көп толғандырды...

Қ.Жұбанов 1920 жылдан кейін «Еңбекші қазақ», «Кедей» газеттерінде әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік, қоғамдағы басқа да келеңсіздіктер мен ауыл мәдениеті жайлы мақалалар жазып, ел өміріне үн қосып тұрды. Мұндай мақалаларды ол «Қараша бала», «Шекті» деген бүркеншек атпен жариялады.

Қ.Жұбанов Күйікқалада «Тез» атты, Темір каласында бір топ оқытушы, аудандық газет қызметкерлерімен бірігіп, «Ай» атты қолжазба журнал шығарды. Журнал жалпы көпшілікке, әсіресе, жастарға қатты әсер етті. 1927 жылы «Кедей» газетінде Қ.Жұбановтың «Таңжарықтың қуанышы» деген шағын әңгімесі жарық көрді.

Қ.Жұбанов 1920-1926 жылдары қазақ халқының ауыз әдебиетін өзі жүрген, естіген жерлерінен жинаумен де шұғылданған. Бірақ, өкінішке қарай, жазып алған мұраларды мерзімді баспасөз беттерінде жариялауды машық етпеген.

Құдайберген Қуанұлы өзінің кең дүниетанымы мен терең ғылыми мағлұматтарына сүйеніп, аз ғана уақыт ішінде көптеген еңбектер жазды. Тіл білімінің кәсіби маманы бола тұра, әдебиет, өнер, қоғамдық-әлеуметтік ой тарихында, мәдениет салаларында бағалы еңбектер қалдырды.

Жалпы тіл туралы, жаңа грамматиканың жаңалықтары, Абайдың әдебиеттегі, жалпы қазақ мәдениетіндегі алатын орны туралы, ортағасырлық сопылық дәстүрді негіздеген ойшыл Қожа Ахмет Яссауидің дүниетанымы мен мұсылман әлеміндегі орнын белгілеп берген еңбектері, фольклор, музыка, күй жанрлары туралы рухани қазыналары - өте құнды дүниелер.

Профессор Жұбанов — араб, парсы, түрік және бұдан өзге бірнеше тілді жетік білген ғалым. Оны біз ғалым-зерттеушінің әрбір еңбегінен көре аламыз. Ол түркі халықтары тілін көркем әдебиет арқылы игерген. Әр халықтың көрнекті жазушы, қоғам қайраткерлерінің шығармаларын түпнұсқадан оқып, оларды заманына қарай бағалап, әділ сын айтып отырған. Бізді таң қалдыратын бір жайт, ғалымның қазақ филологиясының, әсіресе, қазақ тіл білімі мәселелерінің барлық салалары бойынша терең пікір айтуы. Мұхтар Әуезовтің пікірі бойынша: «Қ.Жұбанов – қазақ совет лингвистиканың атасы. Үлкен білім иесі болған, өз халқын, сол халқының асыл қазынасы — тілі мен мәдениетін сүйе білген, сүйе отырып, оған адал қызмет еткен зерттеуші- ғалым».